

Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 625 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 22 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5502 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 119 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 02.02.2018 № 119 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейінгі күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.07.2016 № 360 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 581-бабы 12) және 12-1) тарамақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы

31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабы 6-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.07.2016 № 360 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, тексерілетін жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтер нысаны;

РҚАО-ның ескертпесі!

3) тармақша 01.01.2026 дейін қолданылады - ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.07.2016 № 360 бұйрығымен.

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері

туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы туралы, активтер мен міндеттемелер туралы декларация ұсынуға міндетті жеке тұлғаларға берілген кредиттер туралы мәліметтер бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.07.2016 № 360 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-1. Мыналар:

1) сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, тексерілетін жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтердің нысаны, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады;

2) сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы туралы, активтер мен міндеттемелер туралы декларация ұсынуға міндетті жеке тұлғаларға берілген кредиттер туралы мәліметтердің нысаны, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады деп белгіленсін.

Ескерту. Бұйрық 1-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы министрінің 31.03.2017 № 213 бұйрығымен.

2. Банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар сұрау салуды жолдаған мемлекеттік кірістер органына сұрау салуды алған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде осы бұйрықтың 1-тармағында көрсетілген нысан бойынша мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 31.03.2015 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. "Әрекетсіз заңды тұлғаға қатысты мәліметтерді беру үшін банктерге немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға сұрау салуды жіберу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2005 жылғы 26 қыркүйектегі N 433 Бұйрығының күші жойылды деп тану (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3900 болып тіркелген, 2005 жылдың 22 желтоқсанында N 239(973) "Юридическая газета" газетінде жарияланған).

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті (Ерғожин Д.Е.) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

5. Осы бұйрық 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Қаржы Министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Б. Жәмішев

Қазақстан Республикасы
 Қаржы нарығын және қаржы
 ұйымдарын реттеу мен қадағалау
 агентігінің Төрайымы
 Е.Л. Бахмутова _____
 2008 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2008 жылғы 29 желтоқсандағы
 № 625 бұйрығына
 1-қосымша

Нысан

Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы 20__ жылғы " __ " __ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезең үшін мәліметтер

Ескерту. Нысан жана редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.07.2016 № 360 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Салық төлеуші ЖСН/БСН		Банктің, банк шоттары ашылған оның құрылымдық бөлімшелерінің деректемелері атауы			Банк шотының түрі	Шот валютасы	Шот нөмірі атауы	Кезеңнің басындағы банк шотындағы ақша қалдығы	Салық төлеушінің банк шоттарын, Банк шотына ақшаның түсуі					
	(БСН/ЖСН)	атауы	(БСН/ЖСН)	БЖК	атауы					Күні	Төлем сомасы	Ақшаны жөнелтуші		Ақша : б а н к деректе	
												(БСН/ЖСН)	атауы	(БСН/ЖСН)	Б
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	1

*Мәліметтер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 581-бабы 12) тармақшасына сәйкес ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
 Қаржы министрінің
 2008 жылғы 29 желтоқсандағы
 № 625 бұйрығына
 2-қосымша

Нысан

20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезең үшін сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, тексерілетін жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтер*

Ескерту. Бұйрық 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.07.2016 № 360 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

р/с №	Жеке тұлға		Кредит берілген банктің, оның құрылымдық бөлімшелерінің деректемелері			Кредит берілген күні	Кредит берілу туралы келісім шарттың нөмірі *	Шот нөмірі	Шот валютасы	Берілген кредит сомасы	Кезең басын, сомас қалды
	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)	БЖК	атауы						
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

*Мәліметтер "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 581-бабы 12) тармақшасына сәйкес тексерілетін жеке тұлғалар бөлігінде бөлек ұсынылады.

**Мәліметтер шарттар бөлігінде бөлек ұсынылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2008 жылғы 29 желтоқсандағы
№ 625 бұйрығына
3-қосымша

Нысан

20__ жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы, сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы декларация ұсынуға міндетті жеке тұлғаларға берілген кредиттер туралы мәліметтер*

Ескерту. Бұйрық 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің м.а. 08.07.2016 № 360 (01.01.2017 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Жеке тұлға	Банктің, банк шоттары ашылған оның құрылымдық бөлімшелерінің деректемелері атауы					Кредит бері оның құ бөлімшеле деректемеле

№	Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН)	Тегі, аты, әкесінің аты (егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)	БЖК	атауы	Банк шотының түрі	Шот валютасы	Шот нөмірі	банк шотындағы ақша қалдығы	Бизнес сәйкестендіру нөмірі (БСН)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

*Мәліметтер "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабы 6-2 тармағына сәйкес активтер мен міндеттемелер туралы декларация ұсынуға міндетті жеке тұлғалар бөлігінде бөлек ұсынылады.

** Мәліметтер шарттар бөлігінде бөлек ұсынылады.

Ескертпе: Осы қосымшаны толтыру кезінде 9 және 19-бағандарда мемлекеттік кірістер органдарының сұрау салуында көрсетілген күнгі сома қалдығы көрсетіледі.